



*Бұл туралы Агенттіктің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаментінің басшысы Жазира Жылқышиева ақпарат берді.*

«Елордада қолға алынған «Адалдык аланы» жобасының аймақтардағы балама нұсқасы бүгінгі күні кенінен таралуда. Жобаның қызмет аясы күн санап кеңейіп келеді. Жобаның басты мақсаты - елімізде тұрмыстық жемқорлықты жою. Басты жетістік - халықты адалдыққа, әділдікке және азаматтық позициясын айқындауға мол септігін тигізуде», - деді ол.

Жоба - «Адалдык дүкендері» деп аталатын жұмысты қолға алды. Атап оту қажет бұл тәжірибе шетелдерде бұрыннан қолданылады.

Алматыдағы супермаркеттердің бірінде "адалдык" кассасы жұмысын қарқынды жалғастыруда.

Одан болек, метрога отуге арналган турникеттер де - адалдык принципі бойынша жұмыс істеуде. Жолаушыларга жол акысын толеуге кедергісіз жүйе жасакталды. Яғни олар жолакысын банктік карта аркылы толеп, метрога оте алады. Сонгы мониторингтің корытындысы бойынша, метромен тегін жүретін жолаушылар саны азайган. Бұл жүйе - азаматтардын бойына игі касиеттерді тәрбиелеуге негіз болуда.

Атырау каласындагы жергілікті Полиция департаментінде «Адалдык айнасы» деп аталатын жоба колга алынды.

Әр күні қызметкер жұмыска кірісерде бұл айнадан жакын туыстары мен бауырларынын суреттерін көре алады.

Бұл - әрбір қызметкердің занга қайшы әрекет жасаудан бұрын ойлануына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар мемлекеттік органдардын ашықтыгын камтамасыз ету бойынша үлкен жұмыстар аткарылуда.

Қазіргі таңда open space форматында қызмет ететін әкімдіктер тек елордада ғана емес.

Алматы облысындагы ауылдық әкімдіктерде «safe zone area» құрылуда.

Мұнда ауыл тұрғындары облыс орталыгына бармай-ақ wi-fi желісіне, қалааралық қонырау шалу, компьютер және принтермен жұмыс істеуге мүмкіндік ала алады.

Ауылдық әкімдіктерде әрбір үшінші жұма сайын азаматтарды қоғамдық қабылдау, сондай-ақ электронды үкімет порталын қолданудың жолдары үйретіледі.

Бұл күндері жергілікті орган басшылары ауыл тұрғындарымен бірге ортақ бюджетті онтайлы жүзеге асыру бағытында жиындар ұйымдастырады.

Шымкент қаласы әкімінің орынбасары және қалалық басқарма басшыларының жұмыс кабинеттері ғимараттың бірінші қабатында орналасқан.

«Адалдык аланы» жобасы ұсынған мемлекеттік аппараттың ашықтығы мен қолжетімділігі сынды идеялар жан-жақты қолдау тапты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының қатысуымен өткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы жиында «Адалдык аланы» жобасын жүзеге асыруда әкімдерге тікелей тапсырма берді.

Бұл - тың идеяларды жүзеге асыруға зор мүмкіндік береді.

Бір аймақта сәтті жүзеге асқан бастама - басқа да өңірлерге тарап, бүкіл республика бойынша оң нәтижеге қол жеткізуде.

Мәселен, 2018 жылы елордада бастау алып жүзеге асқан көптеген бастамалар бүгінде бақа да аймақтарда кенінен таралуда.

Медицина саласындағы түйткілді мәселелер бүгінде оң шешімін табуда.

Қарағанды облысының медициналық мекемелерінде «сенім киоскілері» құрылды.

*Анықтама үшін: Call-орталық арқылы мамандармен тікелей байланысқа шығатын*

*терминалдар жұмыс істеуде. Сондай-ақ бейнеөтініштер жазу мүмкіндігі де қарастырылған.*

*Емделуші дәрігерге бейнеөтініш қалдыру үшін жеке басын куәландыратын құжатты арнайы құрылғыға жақындатып, оның штрих-коды оқылады. Содан кейін емделуші қажетті өтінішін жолдай алады.*

*Емделуші терминалды қолданған кезде Call-орталық мамандарында қызыл тетік жанады. Бұл - өтінішті дәл сол уақытта қабылдауға мүмкіндік береді. Егер өтініш демалыс күндері жазылған болса, терминал өтінішті жазып алады. Ал мамандар оны жұмыс күні басталған уақытта көре алады. Call-орталық таңғы 9.00-ден кешкі 18.00-ге дейін жұмыс істейді.*

Сондай-ақ, мектептердегі жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша жұмыстар белсенді атқарылуда.

Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында білім беру мекемелеріне демеушілік қорсеткендердің ашықтығын қамтамасыз ететін смарт-банкинг қосымшасы жасакталды.

Ақмола облысында оқушыларды сыныпқа болуде цифрлық жүйе қолданылады. Бұл - баланы сыныпқа орналастыруы кезінде адами факторлардың араласуына кедергі болады.

Жоба кенселеріне кез-келген азамат жүгіне алады. Бізбен Facebook, Instagram әлеуметтік желілері және whatsapp нөмірі арқылы байланысуға болады.

Өтініштер аптанын әр күні тәулік бойына қабылданады.

Біз ашықтық принципі негізінде қызмет еткеннен кейін кенсеге кез-келген адам жеке мәселелері бойынша көмекке жүгіне алады.

Ол үшін арнайы отініштер жазып, кенсеге тіркеудің қажеті жоқ.

Егер мемлекеттік органдар заң бойынша 15-30 күн ішінде мәселенізді қарастыратын болса, жоба кенсесі аз уақыт ішінде шешімін табуға тырысады.

Мысалы, Павлодар облысында жергілікті кәсіпкер Павлодар қалалық әкімдігі мемлекеттік мекемесінің қызметінде бюрократияға тап болып, жоба кенсесіне жүгінді.

Кәсіпкер қаладағы парктердің бірінде тез тамақтану орнын ашқысы келген.

Алайда, парк әкімшілігі кәсіпкерлік бөлімі мен қоғамдық денсаулық сақтау департаментінен рұқсат қағазын әкелуді талап кеткен.

Араға аз уақыт салып, жауапты мамандар мәселеге араласты.

Павлодар қалалық мәдениет бөлімі басшының орынбасары қазіргі уақытта парктің кімнің меншігінде екенін анықтап, шын мәнінде аталған орынды ашу үшін ешқандай рұқсат құжаттарының қажет еместігін анықтады.

Қазір тез тамақтану орнын ашу үшін қажетті құжаттар рәсімделуде.

Елордада құрылыс мәселелері бойынша Білім-инновация лицейі мен №86 мектеп қиындыққа тап болды.

Құрылысты аяқтау уақыты созылып, салдарынан ғимараттың сапасына қатысты мәселелер анықталды.

Еліміз бойынша әр мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Адал ұрпақ» еріктілер клубы құрылған.

Елордадағы «Адал ұрпақ» және «Жас ұлан» республикалық мектебінің мүшелері әлеуметтік желілерде мектеп бітіру кешінің форматын өзгерту мақсатында жана челлендж таратуда. Оны Алматы, Шымкент, Кокшетау, Ақтобе, Түркістан, Тараз, Алматы облыстары қолдады.

Мұндағы мақсат - мектеп бітіру кешінде ысырапшылдыққа жол бермеу.

Біздің ойымызша - жастардың бұл бастамасына қолдау көрсетіп оны дамытуға мүмкіндік беру қажет.

Біз елордада қоғам өкілдерімен бірге әр түрлі бағытта жұмыстар атқарудамыз.

Мәселен, қоғамның белсенді өкілдері Гүлбану Абенова, Гүлнар Умарова, Татьяна Коршуновамен бірге бірқатар мәселелер бірнеше рет көтерілді.

Олардың бастамасымен мектептердегі тамақтандыру қызметін ұсыну бойынша конкурстық процедураларды өткізудің ашықтығын қамтамасыз ету жөнінде атқарылған жұмыстар өз шешімін тапты.

«Астана – адалдық аланы» жобасымен қоғамдық қолқ мәселелері бойынша да жұмыстар атқарылуда.

Жоба мүшелерінің басым бөлігі қоғамның белсенді мүшелерінен тұрады. Сондықтан елорданың қоғамдық мәселелері олардың назарынан тыс қалмайды.

Олардың ішінде мүмкіндігі шектеулі жандар да бар. Қоғамның дамуына үлесімді қосамын деген жігерлі жігіт Амир Сүлейменов те біздің жобаның белсенді мүшесі.

Біз бүгінге дейін AstanaLRT мен Жолаушылар тасымалы және автокөлік жолдары басқармасы өкілдерімен бірге екі мәрте жиын өткіздік. Әр сәрсенбі сайын кездескен мәселелерді толығымен шешу үшін AstanaLRT мекемесінде мүдделі мемлекеттік органдар және қоғам мүшелерімен кездесулер ұйымдастырылады.

Сондай-ақ елорда тұрғындарының назарына "қоғамдық бақылаудың интерактивті картасын" таныстырғым келеді. Онда әрбір қала тұрғыны өзінің ұсыныстары мен өтініштерін ыңғайлы түрде жолдай алады. Бүгінгі күні азаматтардан 145 өтініш келіп түсті. Оның 15-і шағымдар.

Картада барлық әлеуметтік нысандармен қатар жол құрылысының жөндеу жұмыстарына дейін қорсетілген. Бюджеттен бөлінген қаражат, құрылыстың аяқталу мерзімі мен қандай да бір мәселелер туындаса, бәрінен ақпарат алуға мүмкіндік бар.

Барлық өтініш-сауалдар «Астана адалдық аланы» жоба кенсесінің менеджерлерінің жіті қарауында. Жоғарыда аталған мәселелер бойынша нақты әрі тиімді шаралар жедел және уақытылы қабылданады.

Агенттік Торағасының тапсырмасы бойынша орталық атқарушы органдар елордадағы «Астана - адалдық аланы» жобасының тәжірибесін қолдануда.

Және осы жұмысты бірінші болып қолға алған - ҚР Қаржы министрлігі.

ҚР Қаржы министрлігінің жауапты хатшысы Ерұлан Жұмабаевтың басшылығымен министрліктің ұжымы жоба кенсесімен бірлесіп кенсе ашу бойынша жұмыстар басталып кетті.

«Астана – адалдық аланы» жобасының қолдауымен Министрліктің жоба кеңсесі үш негізгі бағыттар бойынша жұмыс жасайтын болады: министрліктің және оның аумақтық бөлімшелерінің имиджін және қызмет сапасын арттыру, нормативтік құқықтық актілер мен бизнес процестердің ішкі аудиті, ұжымдағы әдеп қағидаларын арттыру.

Кеңсенің ашылуы және жұмыстың басталуы келесі аптаға жоспарланған.

Сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету әрқайсысымызға жүктелген міндет.

«Адалдық аланы» жобасы - азаматтық және мемлекеттік сектордың өзара ықпалдасуына мүмкіндік беретін алаң.

Біз - азаматтардың бастамалары мен мемлекеттік органдардың мүмкіндіктерін тоғыстыратын алтын көпіріміз.

Адалдық аланы белсенді азаматтарды қашан да өз қатарына қоса асығады.